

АЗАТТЫҚ РАДИОСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ**Ақтайлақ Бақытжан Болатбекұлы**

jastaban1992@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2-курс докторанты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – т.ғ.д., профессор Т. Садықов

Радио үгіт-насихаттың бірден-бір маңызды құралы ретінде өз бойына ақпараттық, тәрбиелілік, білім беру, ұйымдастыру және ойын-сауық функцияларды шоғырландыра отырып, қоғамдық ой-пікірді көрсету мен қалыптастыруға өз үлесін қосады. Сонымен қатар, белгілі бір топ өкілдері тарапынан өз алдына қойылған мақсат-міндеттерге жету үшін радионың әлеуметтік-саяси функциясы кеңінен қолданылғанын тарихтан көруге болады.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап әлемді екіге бөлген «қырғиқабақ соғысы» кезінде ақпарат құралдарының идеологиялық соғысты жүргізудегі маңыздылығы артты. КСРО мен АҚШ арасындағы күш сынасу кезінде газет, журнал, кітап басу ісі және радио кеңінен қолданылды. Екі тарап бірін-бірі барынша қаралауға тырысып баққаны белгілі. Қырғиқабақ соғысы кезінде «Азаттық» радиосының рөлі жоғары болды десек артық айтқандық болмас.

Адамзаттың күнделікті өмірінде радиохабарлар рөлінің артуы XX ғасырдағы тарихи оқиғалармен тікелей байланыста болды. Радио ақпарат құралы ретінде өткен ғасырдың басында пайда болды. АҚШ-нда 1920 жылдың аяғынан бастап тыңдармандарға радиохабарлар таратыла бастады. Батыс Еуропаның Ұлыбритания мен Францияда сынды елдерінде радио 1922 жылы пайда болса, Германия, Бельгия, Чехословакия елдерінде 1923, Венгрия, Польша, Румыния, Югославия, Жапония елдерінде 1924-1926 жылдардың аралығында радиохабарлар таратыла бастады [1, 4]. Кеңес Одағында радионың пайда болуы да осы кезбен сәйкес келеді.

Үгіт-насихат арқылы тек идеологияны ғана тарату ғана емес, сонымен қоса адамдардың әдеп-тәртібі мен мемлекеттік саясатқа да әсер етуге болады. Бұл әсер жасампаздық һәм жойқын қиратушы күшке ие екендігі тарихтағы оқиғалар сан мәрте рет дәлелдеді.

Әрбір елде радионың таралу аймағы мен эфирге шығу ұзақтығы және мазмұндылығы жағынан тұрақты түрде өзгерістерге ұшырап отырды. Айта кететіні, радио ақпарат тарату мен үгіт-насихат жасау құралдарының бірі ретінде идеологиялық күрес жүргізудің бірден-бір оңтайлы қаруына айнала алды. Осы кезден бастап радио ақпараттық шабуыл арқылы бір елдің басқа елдің ішкі істеріне араласу құралына жиі айналып отырғандығы аңғарыла бастады. Нәтижесінде отызыншы жылдары радио жөнінде бірнеше мемлекетаралық келісімдер жасалған еді. Бұған қарамастан көптеген елдер, әсіресе үлкен күшке ие алпауыт мемлекеттер, радионы идеологиялық күрес құралы ретінде қолдануға тырысты [2].

Идеологиялық күреске радионың кеңінен қолданылуының бірнеше себептері болды. Радио арқылы таратылған ақпарат халық арасында тез тарайтын. Радиодан ақпарат алу географиялық, мерзімдік, техникалық сынды шектеулерден және тыңдарманның кәсібі мен сауаттылығынан тәуелсіз еді. Адам радионы өмірдің кез-келген жағдайында тыңдай алатын. Бұл тек есту қабілетінде кемістігі барлар үшін ғана қиын іс болатын.

Баспа құралдарына қарағанда радио әмбебап сипатқа ие. Радио арқылы үгіт-насихат әртүрлі жолмен жүргізілетін болды. Мұнда ақпарат тарату кезінде көңіл-күйге әсер ететін амалдар жиі қолданылатын. Мәселен, әртүрлі музыкалық сүйемелдеулер бұған өз үлесін қосатын.

Жоғарыда көрсетілген артықшылықтарды ескере отырып ұлы мемлекеттер сыртқы саясатта радиобағдарламаларды кеңінен қолданды. Әсіресе АҚШ тәжірибесі жоғары болды. Құрама штаттар өзінің сыртқы саясаттағы мақсаттарына қол жеткізу үшін радионы

қолданды. 1924 жылдың 25 мамырында АҚШ-ның Латын Америкасы елдеріне арналған бағдарламалары радио арқылы таратыла бастады. Ал 1938 жылдың жазынан бастап Еуропа мен Латын Америкасының елдеріне арналған бағдарламалар алты тілде таратылып, Ұлттық радиостанция NBC күніне 16 сағат ақпарат тарататын [1, 7].

Басқа елдерге ақпарат таратудан КСРО-да қалыс қалмаған. 1929 жылдың 29 қазанынан бастап «Мәскеу радиосы» өзінің алғашқы шетелдік хабарын неміс тілінде таратты. Бұдан кейінгі уақытта шетелдік хабар тарату географиясы кеңеюмен болды.

Айта кететіні ІІ дүниежүзілік соғыс алдында және оның барысында шетелдерге радиохабар таратудың жаңа тенденциялары қалыптасты. Бұл мақсатта АҚШ 1942 жылы «Америка дауысы» радиосы эфирінен неміс және итальян тілдерінде хабар таратты. 1942 жылдың басында фашистік Германия шетелдерге арналған радиохабарын 53 тілде таратып, эфир уақытының 425 сағатын құрады. Бұл 1939 жылғы жағдаймен салыстырғанда айтарлықтай еді. Ол кезде Германия 7 тілде, тәулігіне 75 сағат шетелдерге радиохабар таратқан еді [1, 8].

Радионы соғыс қажеттілігіне қолдану тәжірибесі Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жағдайға да әсер етті. Радионы идеологиялық қару ретінде қолдану одан сайын өсе түсті. Бұған ұлы мемлекеттердің көп қаржы бөлуі себеп болды. Шетелдерге арналған хабарды ең көп ұлғайтқан елдер қатарында АҚШ, ГФР (Батыс Германия), Ұлыбритания, КСРО, Жапония мен Израиль болды. Бұл елдердің радиохабарын ұлғайту себебі әлемде пайда болған жаңа елдерге өз ықпалын таратып, қарсы тараптағы идеологиялық қарсылас мемлекетті қаралау болды.

Әсіресе КСРО мен АҚШ арасындағы ақпараттық қарсылық «қырғиқабақ соғыстың» маңызды сипаты болды. АҚШ-ның президенті Г. Трумэннің арнайы директивасында «Біз шабуылды ашық түрде ғана емес, сонымен қатар жасырын шараларды да қолдануымыз керек... біздің басты мақсатымыз – Шығыс Еуропада тоталитарлық емес жүйені құру. Біз бұл елдердегі батысшыл жетекшілерге барлық көмек пен қолдауды ұлғайтуымыз керек», - деп көрсетілген еді [3, 122].

Дегенмен АҚШ бұған дейін де КСРО мен оның Шығыс Еуропадағы одақтастарына бағытталған радиохабарларын таратып келген еді. АҚШ-ның шетелдерге арналған ақпарат тарату тәжірибесі «Америка дауысымен» тығыз байланысты. 1947 жылдың 17 ақпанынан бастап «Америка дауысы» Кеңес Одағына арналған орыс тіліндегі радиохабарларын тарата бастады. Орыс тіліндегі хабарларда Кеңес Одағын қатаң сынға алуға рұқсат берілмейтін. Радионың қызметін Ақ үй, Мемлекеттік департамент пен АҚШ Конгрессі бақылап отыратын. Мұның барлығы КСРО-на қарсы толыққанды үгіт-насихат жүргізу мүмкіндігін шектеп тұрды.

АҚШ-ның Орталық барлау басқармасы (ары қарай – ОББ) (СІА) «Америка дауысының» шектеулі мүмкіндіктерін түсіне отырып, кең мүмкіндіктерге ие жаңа радионы құруды жөн көрді. Шығыс Еуропа елдеріне арналған радионың негізін қалау 1947 жылда пайда болғанымен, тек 1949 жылда ғана АҚШ-ның ОББ «Азат Еуропа» корпорациясын («Free Europe, Ink») құрды. Бұған дейін АҚШ-нда «Еуропаны азат ету ұлттық комитеті» құрылған еді. Бұл комитет Шығыс Еуропадан шыққан 300 жуық белгілі эмигранттарды және бірнеше америка азаматтарын біріктірген еді. Мысалы, комитеттің құрамында кезінде мемлекет басшысы болған үш бірдей тұлға: Польша премьері (1943-1945 жж.) – Станислав Миколайчик, Румыния премьері (1944-1945 жж.) – Николай Радеску, Венгрия премьері (1946-1947 жж.) – Ференц Надь, Чехословакия вице-премьері – Петр Зенкл болды. Сонымен қатар, бұл ұйымға «Bank of America» президенті Лоренс Джанини, ОББ директоры Ален Даллес сынды америка азаматтары да енді [1, 17-18].

1950 жылдың басынан бастап радио Шығыс Еуропа елдеріне арналған хабарларды таратуға қамдана бастады. Радио хабар тарату жұмысына сол кездегі ақпараттық технологиялардың озық жетістіктері мен кәсіби мамандарды кеңінен тартты. Сонымен қатар, саяси себептерге байланысты Батыс елдерінде орнығуға мәжбүр болған интеллигенция өкілдерін коммунистік жүйенің сорақылығын әшкерелеу жұмысына жұмылдыра білді. Бұл

бұған дейін қолданылмаған тәжірибе еді. «Америка дауысы», «BBC» сынды радиоларының қызметкерлері хабар тарататын елдерде ешқашан болмаған еді және социалистік елдердегі жағдайды нашар білетін.

1950 жылдың 4 шілдесінде «Азат Еуропа» радиосы алғашқы хабарын Чехословакия еліне бағыттап таратты. Радионың бұл хабар таратуы 30 минутқа созылды. Радиохабар Батыс Германияның Майнхейм қаласының солтүстігіндегі Ламперхейм деген кішігірім елді мекенде орналасқан 7,5 киловаттық күші бар радиохабарын таратушы «Варвара» станциясынан эфирге алғаш шығады. Он күннен кейін Румынияға, бір айдан кейін Польша мен Венгрия, 11 тамыз күні Болгарияға арналған хабарлар эфирге шықты [4, 9].

«Азаттық» радиосының басты көздеген мақсаты коммунистік жүйені қаралап, оның таралуын шектеу һәм оның күйреуіне жағдай жасау болды. Радио өзін демократиялық құндылықтардың жаршысы ретінде көрсеткісі келіп, қаналған халықтардың арасында ой еркіндігі мен тәуелсіздікке деген құлшынысты оятуға тырысты.

КСРО құрамындағы ұлттарға да арналған радио хабарларды тарату қажеттілігі көп ұзамай аңғарылды. Осы мақсатта 1951 жылдың ақпанында Нью-Йорк қаласында «Ресей халықтарын азат ету жөніндегі америкалық комитет» құрылды. Осы жылы «Бостандық» (кейін – «Азаттық») радиосының да негізі қаланды. 1953 жылдың 1 наурызында бұл радио Кеңес Одағына арналған бағдарламаларды таратуды бастады [5] Сондай-ақ, осы комитеттің қатысуымен Мюнхен қаласында КСРО зерттеу институтының негізі қаланды. Оның үстіне ұзақ уақыт бойы – 1953-1972 жж. аралығында АҚШ-ның бұрынғы президенті Гарри Трумэн комитеттің мәртебелі төрағасы болды [1, 19]. Мұның барлығы «қырғиқабақ соғыстың» одан әрмен өршуіне әкелді.

Алғашқы кезде радионың бағдарламалары Нью-Йоркте таспаға жазылып, Германияның америкалық оккупациялық бөлігіне жеткізілетін [6]. Бұл радио жұмысында біршама кедергілерді туғызатын. Дегенмен, 1952 жылдың қараша айында радио Германияның Мюнхен қаласындағы бір кездері АҚШ-ның әскеріне арналған ауруханада орналасады. Алғашында бұл радионың бар мүлкі 22 студия, алты бақылау бөлімдері және техникалық қызмет бөлімдерінен құралған еді [4, 9].

АҚШ өзінің радио бағдарламалары үшін неге Германия Федеративтік Республикасын таңдады деген сұрақ туындайды?

Америкалық тарихшы Роберт Хольт ГФР территориясынан АҚШ-ның идеологиялық күрес жүргізуді таңдауының себептерін былай көрсетеді: «Мюнхен қаласы социалистік елдерге жақын орналасқан және бұл бағдарламаларды жақсы тыңдау мүмкіндігін туғызатын. Оның үстіне кадр мәселесі де бұл жерден біршама оңай шешілетін. Себебі Германияда, әсіресе Мюнхен қаласында, эмигранттардың көп бөлігі орын тапқан еді. Сонымен қатар, Мюнхен АҚШ тарапынан басқарылатын оккупациялық жер еді. Сондықтан радиохабарларды тарату үшін жасалуы тиіс жоғары деңгейдегі мемлекетаралық келісімдердің қажеттілігі жоқ болатын» [7, 53].

«Азаттық» радиосының орыс тіліндегі алғашқы хабары 1953 жылдың 1 наурыз күні эфирге шыққан. Радионың орыс тіліндегі хабарларының тәуліктік көлемі 12 сағат, оның 20 минутында негізгі, түпнұсқа ақпарат хабар таратылып, қалған уақытта сол хабар қайталанып тұрған.

«Азаттық» радиосының қазақ тіліндегі хабары 1953 жылдың 18 наурыз күні алғаш эфирден берілгеннен кейін хабар уақытының шектеулі екендігіне байланысты келесі хабарларда тек халықаралық жаңалық хабарлар және саяси ақпараттар ғана беріліп тұрды [4, 12].

1970 жылдары «Азаттық» радиосы директорының бас кеңесшісі болып қызмет істеген американдық Джин Сосин: «Кеңес Одағына бағытталған, «Сөйлеп тұрған «Бостандық» радиостанциясы» деп басталған алғашқы радиохабар эфирге шыққан сәттен 10 минуттың ішінде Кеңес Одағы дереу кенестік тұншықтырғыш қондырғылардың көмегімен хабарды «тұншықтырып», халыққа естіртпеуге тырысып баққан еді. Бұл тұншықтыру 1988 жылдың қараша айының 29-на дейін, яғни Кеңес Одағының басшысы М. Горбачевтың «Азаттық»

радиосы хабарын тұншықтыруды тоқтату туралы жарлығы шыққанға дейін жалғасты», - деп еске алды [5].

«Азаттық» радиосының орыс тіліндегі осы хабарынан кейін 1953 жылдың 18 наурыз күні грузин, армян, әзірбайжан, қазақ, қырғыз, өзбек, тәжік, түрікмен тілдерінде алғашқы хабарлар берілді. Ал татар-башқұрт тіліндегі хабарлар 1953 жылы желтоқсан айында, украин, беларус тілдерінде 1954 жылы қолға алынды. Ол кезде жаңадан құрылған «Азаттық» радиосында Орта Азия мен Қазақстанға арналған ұлттық редакция әлі қалыптаспаған еді. Көп кешікпей Орта Азия халықтарына арналған «Түркістан» редакциясы деген жеке бөлім ашылады. Алғаш ашылған «Түркістан» редакциясы өз жұмысын ортаазиялық бес ұлттың өкілдерінен (қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен, қарақалпақ) құралған бес кісілік шағын ұжыммен бастайды. Ол кезде батысқа шыққан ортаазиялық эмигранттар арасында жазып сызуға қабілетті адамдарды таба қою да оңай іс болмаған. Басында «Түркістан» редакциясы әр тілде бес-ақ минуттық ғана хабар таратып тұрған [4, 11].

Тағы айта кететіні, «Азат Еуропа» радиосы мен «Бостандық» радиосын маңайындағы құпиялық мәртебесі ұзақ уақыт сақталынды. Аталған радиолардың АҚШ-ның ОББ тарапынан құрылғандығы әлем назарынан жасырылып келді. Халықаралық каталогтарда бұл радиолар жекеменшік және коммерциялық емес ұйымдар ретінде тіркеліп, қаржыландыру көзі ретінде америкалық үкіметтік емес қоғамдар көрсетіліп отырды. Тек қана 1971 жылдың басында ғана, Нью-Джерси штатының сенаторы К.П. Кейстың баяндамасынан кейін бұл ақпараттық құралдар ОББ-ның қаржыландыратындығы ресми мойындалды [1, 20].

Бастапқыда радионың қуаты 10 мың ватт болатын жалғыз ғана ретрансляторы болған. Бұл ретранслятор Мюнхен қаласындағы Лампертгейм деген жерде орналасқан еді. Кейінірек ретрансляторлар Испания мен Тайвань аралында орналастырылған еді. Бұл станциялар «Азаттық» радиосының бағдарламаларының таралу қашықтығы мен трансляция қуатын ұлғайтты [1, 23].

«Азат Еуропа» радиосының негізін қалағандардың біреуі генерал Л. Клейдың мойындауы бойынша бұл радио идеологиялық күрес үшін құрылған. Оның айтуынша «Азат Еуропа» радиосы коммунистік режимдерді биліктен тайдыру мақсатымен аяусыз психологиялық күрес жүргізеді [1, 25].

«Азат Еуропа» радиосы мен «Азаттық» радиосы халықаралық жағдайларға байланысты ақпараттарды таратуда да өзіндік орны мен рөлі болғандығын айтпасақ болмайды. Әсіресе Кеңес Одағы мен басқа да социалистік елдердің халықаралық саясаттағы орнын көрсетуде басқа ұстанымдар мен көзқарастарды көрсетумен болды. Мәселен КСРО әскерінің Ауғанстанға жасаған басқыншылығы мен оған халықаралық қауымдастықтың ұстанған позициясы жайлы радио эфирінен көп уақыт арналды. Бұл «Азаттық» радиосының қазақ бөліміне де қатысты жағдай. Хасан Оралтайдың авторлығымен барлығы шамамен 70 астам радиобағдарлар таратылған.

Сонымен қатар, Шығыс Еуропадағы Кеңес Одағының басқыншылық әрекеттері кезінде де «Азаттық» радиосы мен «Азат Еуропа» ақпарат таратуда белсенділігін арттырып отырды. Мәселен, 1968 жылдың 21 тамызында Варшава келісім-шартына мүше елдердің әскери күштері Чехословакияға енуі кезінде «Азаттық», «Азат Еуропа» және «Америка дауысы» шұғыл түрде тәулік бойы ақпарат таратуға көшкен [1, 26].

Осы уақыт ішінде бұрынғы социалистік лагерь елдерінде бұл радиолардың хабарын түрлі әдіс-амалдармен тұншықтыру арқылы халыққа естіртпеді, тіпті радио және оның қызметкерлеріне қастандық, лаңкестік шабуылдар бір емес, талай мәрте жасалды.

«Азат Еуропа» радиосы мен «Азаттық» радиосының социалистік жүйені күйретудегі рөлін жоғары бағалаған тұлғалар жетерлік. Польша басшысы – Лех Валенса бұл жөнінде радиостанцияның рөліне күннің жерге қажеттігіндей баға берген. Эстония президенті Леннарт Мерль бұл радиостанцияны Нобель сыйлығына ұсынған еді [1, 35].

«Азаттық» радиосының құрылуы мен дамуы XX ғасырдағы «қырғиқабақ» соғысын хәм ақпараттық құралдардың қару ретінде пайдалану тарихының тамаша үлгісі ретінде үлкен рөл атқарды. Ал радионың қазақ бөлімі сол кездегі Қазақстан мен шетелдегі қазақтары

жайлы коммунистік идеология ықпалынан тыс ақпарат берудің бірден-бір құралы болды. Радио эфирінде қозғалған тақырыптар соны айғақтайды [8], [9].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мукимов М.А. История создания и развития радио «Свобода» (на примере таджикской редакции Радио «Свобода» («Озоди»): диссертация на соискание ученой степени к.и.н., Душанбе. 2003. – 180 с.
2. Бордюгов Г.А., Котеленец Е.А. Вторая мировая война: арсенал средств и результаты столкновения германской и советской пропагандистских машин // Вестник ННГУ. 2015. №3. С. 27-36.
3. Котеленец Е.А. Пропаганда без правил, или информационное противостояние в условиях «Холодной войны» // Вестник РУДН. История России. 2015. №4. С 120-129.
4. Баймолда Д. Шындық жаршысы. – Алматы: «Нұр-принт 75» баспасы, 2011. – 336 б.
5. Сосин Дж. Искры Свободы. Воспоминания ветерана радио. – 246 с.
6. Горянин А. Старая и новая "Свобода. // Среда, 1996, №1, С. 46-52.
7. Robert T. Holt - Radio Free Europe-U of Minnesota Press. 1999. – 264 p.
8. Бегімтаева Р.Ш. Шетелдік радиохабарлар проблемалары (Азаттық, «Бай-Өлке» радиостанцияларының материалдары бойынша): филол.ғ.к... диссертациясы..., Алматы, 1996. – 172 б.
9. Ақтайлақ Б., Садықов Т., Мейрбеков Т. Хасан Оралтай еңбектеріндегі Алаш идеясы // Яссауи университетінің хабаршысы. 2019. №3. Б. 199-208.
10. Ақтайлақ Б. Освещение истории проблемы голода на Радио «Свобода» // Материалы международной научно-практической конференции «ХІ Торайгыровский чтения» Том 2. С. 215-220.